

К.С. Жұмабаева^{1*} , Т.С. Сламбекова¹ 

¹Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
Астана қ., 010008, Қазақстан Республикасы
*e-mail: zhumabaeva1995@list.ru

ТӘЛІМГЕРЛІК – ҮЗДІКСІЗ КӘСІПТІК БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНІҢ НЕГІЗГІ ЭЛЕМЕНТІ РЕТІНДЕ

Андатпа

Үздіксіз кәсіптік білім беру – адам факторын, экономиканың негізгі салаларындамытуға негізделген. Үздіксіз кәсіптік білім беру мен тәлімгерлікті жетілдіру жахандану кезінде жеке мамандардың кәсіби біліктілігін жетілдіруде заманға сай келмей жатады. Сол себепті бұл мәселенің өзектілігі қазіргі талаптарға сай, яғни жұмыс беруші мен мамандардың бейімделуіне тікелей байланысты.

Мамандардың дискреттік біліктілігін жетілдіру дамушы мемлекеттердің экономикалық дамуына сәйкес келмей жатады. Қазіргі кезде бәсекеге қабілетті экономиканы қалыптастыру үшін білікті мамандар қажет. Ал оларды қайта дайындау өмір талабы болып отыр. Халықаралық жүйеде болып жатқан өзгерістер адам ресурстары мен жасанды интелекті дамытудан басқа жол жоқ. Бұл өз тарапынан жаңа экономикалық жағдайда мамандар тапшылығын туғызып отыр. Экономиканы мамандармен қамтамасыз ету бізден жүйелі көзқарасты талап етеді.

Бүгінгі таңда тәлімгерліктің ҰББЖ (үздіксіз білім беру жүйесі) жетілдіру алда тұрған өзекті проблемалардың бірі болып отыр. ҰББЖ оның ішінде кәсіптік білім беру елдің экономикалық, саяси, әлеуметтік және мәдени дамуындағы реформалармен тығыз байланыста қарастырылып отыр.

Мақалада Қазақстандағы университеттік педагогика, білім беру саясаты, ЖОО реформалау, бейресми білім беру, инновацияның дамуы, ұстаз бен оқушының танымдық мәселелері қарастырылады.

Негізгі сөздер: тәлімгерлік, маман, үздіксіздік даму, бейресми білім беру, тәлімгер.

Кіріспе

Бүгінгі таңда Қазақстан Республикасындағы білім беру сапасына, оның ішінде жоғары білім сапасына көп көңіл бөлінуде. Қазақстан Президент Қ.Қ. Тоқаев 2022 жылғы 11 қаңтардағы Парламент Мәжілісінің отырысында жасаған баяндамасында еліміз үшін аса маңызды мәселелерге, сондай-ақ білім беру, оның ішінде, атап айтқанда, білім беру сапасын арттыру мәселелеріне тоқталды. «Жоғары білімнің қолжетімділігі мәселесі өзекті күйінде қалып отыр. Еліміздің халық тығыз орналасқан аймақтарындағы жастарға арналған мақсатты гранттарды бөлуге ерекше назар аудару қажет. Жаңа экономика құру үшін жоғары оқу орындарының бәсекеге қабілеттілігін арттыру маңызды. Жақында Қазақстанда жетекші шетелдік университеттердің филиалдары ашыла бастады. Жақын арада Ресейде озық техникалық университеттердің филиалдарын ашу жоспарлануда. Мен 2025 жылға қарай елімізде беделді шетелдік университеттердің кем дегенде 5 филиалын ашу қажет деп санаймын. Бұл ретте еліміздің батысында техникалық бейімділігі бар жоғары оқу орындарының екі филиалын ашу қажет. Жалпы, бәрімізге білімге деген көзқарасымызды өзгерту керек» [1].

Президенттің осынау жаңа идеялары бүгінде жүзеге асырылуда. Бұл шаралардың барлығы түптеп келгенде жоғары оқу орындары арасындағы әділ бәсекелестікті қамтамасыз етіп, жүйелі оқыту сапасын күшейтуі керек. Сонымен бірге, үздіксіз білім беруді жетілдірудің жолы, ЖОО рейтингісі болып табылады. Бүгінде ЖОО көрсеткіштері маңызды функцияларды атқарады.

Әлемдегі университеттердің және олардың білім беру бағдарламаларының QS World University Ranking, Times Higher Education World University Ranking, Әлемдік университеттердің академиялық рейтингі және т.б. сияқты мойындалған рейтингтері академиялық қауымдастық пен жұмыс берушілер арасында өте танымал екені даусыз.

Осыған байланысты еңбек нарығын мамандармен қамтамасыз ету жүйесі еңбек нарығын жаңа біліммен қамтамасыз ету құралы болып табылады.

Қазақстандық тәжірибеде тәлімгерліктің үздіксіз кәсіптік білім беру жүйесін жетілдірі маңызды. Бұл өзгерістер ел экономикасының, ғылымының, білім мен мәдениеттің өзара байланыста болуына тікелей байланысты. Біздің ойымызша қазіргі ғылыми – техникалық даму мен жасанды интелектің қарқын алуы объективті үрдіс.

Зерттеу материалдары мен әдістері

Тәлімгерлік үздіксіз кәсіптік білім беру жүйесінің негізгі элементі ретінде қоғамның барлық саласында, ең алдымен білім беру жүйесіне таралады, өйткені университет оқытушылары мен студенттік аудиторияға жаңа білім беруге бағытталған жүйе.

Бүгінде әлемнің дамыған елдерінде болып жатқан білім экономикасы жасанды интелектпен, ақылды роботтармен ынтымақтастыққа негізделген. Бұдан шығатыны, өнеркәсіпте және экономиканың басқа салаларында мамандардың үздіксіз білім алуы еліміздің педагогикалық корпусының үздіксіз білім алуынан туындауы тиіс [2]. Жасыратыны жоқ, қазіргі уақытта Қазақстандағы университеттік педагогика жасанды интелектің қарқынды даму үрдісінен кенже қалып отыр. Оған негізгі себеп Президент атап өткендей, Қазақстандағы білім беру мен өнеркәсіп арасындағы байланыстың болмауынан туындап отыр.

Мақаланы дайындау барысында үздіксіз кәсіптік білім беру туралы ғылыми әдебиеттерді теориялық талдауға негізделген әдістер қолданылды. Оның ішінде эмпирикалық, яғни деректерді жинау мен фактілерді ғылыми сұраптау әдісі; педагогикалық эксперименттік әдіс, талдау, жинақтау, тұжырымдау, салыстыру әдістері кеңінен қолданылды.

Х. Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің білім беру саясатын бағдарлау, талдау және кәсіптік білім беру мен үздіксіз кәсіптік білім беру жүйесі саласындағы тәлімгерлік тәжірибесі пайдаланылды. Сонымен бірге тәлімгерлікке ерекше мән берген П.П. Блонский, Л.С. Луначарский, А. С. Макаренко болды. Соңғы жылдары Ресей ғалымдары да осы мәселеге басты назар аударуда. Ал, отандық ғалымдардың қатарында Қазақстандағы салыстырмалы педагогика және оқулық сапасы мониторингі бағытының негізін салған, Қазақстанның білім беру саласын реформалау мен дамытудың жаңа үлгісі ұсынған педагогика ғылымдарының докторы, профессор А.Қ. Құсайынов еңбектері ерекше атап өткен жөн. Сонымен бірге ҚазҰУ ғалымдары педагогика ғылымдарының докторы, профессоры А.К. Мыңбаева және педагогика ғылымдарының кандидаты Н.С. Алгожаева тәлімгерлік, үздіксіз кәсіптік білім беру жүйесіне қалам тартқан ғалымдар.

Сонымен қатар Қазақстандағы ғылыми – педагогикалық зерттеулер негіздеріне арналған еңбектер қатарында М. Есекешованың «Ғылыми-педагогикалық зерттеулер негіздері» атты оқу құралы атап өтуге болады.

Нәтижелер және оларды талқылау

Тәлімгерлік теориясына сәйкес – бұл екі адамның арасындағы ресми қарым-қатынас, олардың біреуі өмірлік тәжірибесі мол және кішісіне жол көрсетуші немесе кеңесші қызметін атқарады. Бөлісу позициясындағы тәжірибелі адам тәлімгер ретінде белгілі, ал кішісі тәлімгер ретінде белгілі. Табысты тәлімгерлік қарым-қатынас тәлімгерге де, тәлімгерге де әртүрлі артықшылықтар береді.

Тәлімгермен әлеуетті тиімді қарым-қатынасты қалыптастыра отырып, тәлімгерлер өздерін қызықтыратын саланың қыр-сырын меңгере алады, өмірлік түсініктер мен құнды кеңестер ала алады (мансаптық өсу, мансап жолы, кәсіби желі, кәсіби өсу сияқты тақырыптар бойынша) және әлеуетті ресурстар мен жаңа білім мен байланыстар арқылы көбірек мүмкіндіктерге қолдау табады.

Табысты тәлімгерлер үшін ұзақ мерзімді артықшылықтарға жақсы көшбасшы болу, басқаларға өз әлеуетін ашуға көмектесу, жаңа перспективалар мен жаңа идеялар алу және

болашақ көшбасшыларды қалыптастыру кіреді. Тәлімгерлік көптеген нысандарда болуы мүмкін: кәсіби тәлімгерліктен және колледждегі немесе академиялық тәлімгерліктен бастап, сіздің жеке қажеттіліктеріңізге байланысты бейресми тәлімгерлікке дейін – сіздің өміріңіздегі қолдау немесе жақсартуды қажет ететін салаларға арнайы бағытталған.

Тәлімгерлік – бұл аға буынның тәжірибелі және білімді өкілінен жастарға білім мен дағдыларды берудің ең ыңғайлы және тиімді әдісі. Оқытудың бұл формасы ежелгі дәуірден бастау алады: сол кезде де жастарға әлеуметтену мен ересек өмірге қадам басуда көмек қажет болды. Осылайша өскелең ұрпақ қолданбалы білімге, қоғамда өзін-өзі ұстай білуге, құралдармен жұмыс істеу дағдыларына ие болады.

Тәлімгерлердің көмегімен жастардың бойында белгілі бір өмірлік құндылықтар, позитивті көзқарастар қалыптасады, олар тезірек анықталып, есейген шағында табысты жүзеге асады. Тәлімгерлік заманауи білім берудеол әлдеқашан оның ажырамас бөлігіне айналған. Бұл бағдарлама барлық қатысушылар өз әлеуетін толық ашатын жемісті ортаны қалыптастырады: студенттер, ата-аналар, мұғалімдер, аймақтық кәсіпорындардың қызметкерлері, жас мамандар және педагогика мәселелеріне қызығушылық танытқандар.

ЖОО мен орта білім жүйесіне қоылып отырған бүгінгі негізгі талап мұғалімдердің біліктіліген арттыру болып отыр. Кәсіптік оқыту жүйесімен қатар мұғалімдердің үздіксіз білімін жетілдіру жүйесін қолдану маңызды, уақыт талабы болып отыр.

Бейресми білім берудің мәнін түсіндіру үшін біз оның Қазақстан Республикасының заңнамасындағы анықтамасына сүйенетін боламыз. Қазақстандағы қосымша кәсіптік білім беру институты шаруашылық жүргізуші субъектілердің құзыреттілігін қамтамасыз етуге және адами капитал мәселесін шешуге бағытталған. Елімізде мамандардың біліктілігін арттыруға, тиісті техникалық құзыреттерді сақтауға және жаңартуға бағытталған үздіксіз кәсіптік білім беру институционалды түрде қамтамасыз етіледі. Оған «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңының 37 бабының 2 тармағы дәлел бола алады. Заңға сәйкес «Ересектерге (он сегіз жасқа толған адамдарға) білім беру қоғамда болып жатқан әлеуметтік-экономикалық өзгерістерге сәйкес білім мен дағдылардың қосымша көлемін алу үшін олардың өмір бойы білім алу қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталған. Заңға сәйкес Ересектердің білім мен дағдылардың қосымша көлемін алуы қосымша және формальды емес білім беру арқылы жүзеге асырылады; Ересектерге қосымша білім беруді білім беру ұйымдары, сондай-ақ қосымша білім беру бағдарламаларын іске асыратын құрылымдық бөлімшелері бар заңды тұлғалар жүзеге асырады; Ересектерге формальды емес білім беруді оқудың орны, мерзімдері және нысаны есепке алынбай көрсетілетін білім беру қызметтерін ұсынатын ұйымдар жүзеге асырады және ол оқыту нәтижелерін растайтын құжат берумен бірге жүргізіледі; Ересектердің формальды емес білім беру арқылы өмір бойы алған оқу нәтижелері осы Заңда көзделген тәртіпке сәйкес танылады және одан әрі жұмысқа орналасуға жәрдемдеседі [3]. Бейресми білім берудің негізгі мақсаты- ЖОО мұғалімдерін оқу құралдары, оқу бағдарламаларымен қамтамасыз ету. Бұл бейресми білім беру жүйесінің өзектілігін арттырады.

ББЖ үздіксіз білім беру жүйесі негізінде, ЖОО қажеттіліктерін қанағаттандыратын құзыреттермен толтыруға бағытталған әртүрлі арнайы ұйымдастырылған іс-шараларды біріктіреді. Бұл жаңа модель жаңа білім беру практикасына негізделген және ұстаздардың біліктілігін жетілдіруге арналған. Қазіргі кезде ҰББЖ педагогтардың біліктілігін арттыруға бағыттаалған. ОЛ өз тарапынан ғылыми семинарларды, тәлімгерлікті, ұстаздың дербестігін дамытуға мүмкіндік береді.

Қазіргі таңда ҚР ҰББЖ өзіндік тәжірибесі қалыптасқан. Кеңес кезінде құрылған ұстаздардың білімін жетілдіру жүйесі, 2012 жылы «Өрлеу» болып қайта құрылды. Бүгінде ЖОО үздіксіз кәсіби білім беру жүйесінің институционалды қалыптасуы жүріп жатыр.

ҰКББ институты мақсаты мамандардың бәсекеге қабілеттілігін арттыруға, ғылыми әлеуетін жетілдіруге бағытталып отыр. ҰКББ стратегиялық мақсаттарының қатарында КББ

мазмұнын жетілдіру мен цифровизация, жасанды интелект қосылды. Сонымен қатар, қазақстандық ЖОО «Мамандығым - Болашағым» системасына қосылуда.

«Мамандығым - Болашағым» жобасы төмендегідей негізгі бағыттарды қамтиды:

- Форсайт- зерттеулер;
- Инновация;
- Кәсіптік атласты дайындау;
- Мамандар дайындау;
- БББ жетілдіру.

Жоба Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен 2025 жылға дейінгі халықтың табысын арттыру бағдарламасына енгізілген.

Мәселен, Республикалық Жобалық кеңсе (Астана қ.) 2023 жылдың ақпан айында практикалық семинар ұйымдастырды. Жалпы, жобаның Қазақстанның 11 жетекші орындарында кеңселері бар. Бүгінгі күні «Мамандығым - Болашағым» жобасы Атырау қаласында орналасқан Сафи Өтебаев атындағы мұнай және газ университеті жанында жүзеге асуда. Университетте құрылған жұмыс тобы Атырау бойынша экономиканың негізгі бағыттары бойынша салыстырмалы артықшылықтары бар салаларды анықтады. Олардың қатарында:

- Мұнай-газ және мұнай химиясы;
- Балық өнеркәсібі;
- IT;
- Туризм;
- Көлік және логистика.

Осыған орай инновациялық білім беру бағдарламалары жаңа кәсіптер мен құзыреттер атласы Қазақстанның университеттері мен колледждерінде ықпалдастырылады. Ол өз тарапынан негізгі салалар үшін алдағы 5-10 жылға экономиканың дамуын болжап, 239 жаңа, 95 трансформацияланатын және 129 жойылып бара жатқан кәсіптерді анықтады [4]. Сондықтанда алдағы уақыттағы қажетті педагогикалық мамандықтар жүйесі анықталды. Олар: онлайн білім беру; психолог, цифрлық куратор, тьютор, онлайн мұғалім, сарапшы, жобалық модератор, дефектолог т.б.

Мәселен, Атырау облысының 2021-2025 жылдарға арналған әлеуметтік-экономикалық дамуының кешенді жоспарына сәйкес туризм саласында тоғыз инвестициялық жобаны іске асыру жоспарлануда. Оның ішінде Индер тұзды көлінің жағасында емдеу-сауықтыру кешенін және Махамбет ауданында «Эльдорадо» демалыс базасын салу жоспарланған. Жақын болашақта экотуризм және агротуризм сияқты туризм түрлері кеңінен дамыту көзделіп отыр. Аймақтың дамуына осы талдау мен шолуды ескере отырып, тиісті кафедралар мен факультеттер инновациялық Білім Беру Этнотуризм менеджері (Агротуризм менеджері) Экологиялық туризм менеджері (Медициналық және қолжетімді туризм менеджері) Қауіпсіз туризм менеджері (Туристік өнімдерді нарықта жылжыту бойынша интернет-менеджер (Жаңа кәсіптер атласына енгізілген) әзірлеуі қажет болып отыр.

Осы орайда «Жаңа кәсіптер атласы», оның ішінде инновациялық білім беру бағдарламалары негізінде әзірленген білім беру бағдарламаларының тізбесін келтірейік:

Кесте 1 – Жаңа мамандықтар атласы

№	Білім беру бағдарламасының атауы
1	7M04213 Этномедиациялық инновациялар
2	6B04204 Цифрлық заңгер Жаңа
3	6B05202 Экоаналитика жаңа

4	6B05301 Химиялық талдау және сараптама
5	6B06102 Бизнес-аналитика және АТ жобаларын басқару
6	6B06103 Жүйелер мен желілерді басқару
7	6B11101 Туризм және пайдаланудағы қызметтер
8	7M04101 Экономика және менеджмент саласындағы бизнес-аналитика
9	7M04103 Персоналды басқару жаңа
10	7M05101 Микробиология негіздерімен биология
11	7M05301 Химиялық талдау және мұнайхимиялық синтез
12	7M06101 Іскерлік информатика
Ескерту: Х. Досмұхамедов атындағы КеАҚ Атырау университетінің білім беру бағдарламасының негізгі бағыттары.	

Мамандардың пікірінше БББЖ төмендегі принциптерге негізделеді:

- Білім беру деңгейін көтеру;
- «Hardsoftdigital-skills» құзыреттерін дамыту;
- Цифрлық оқыту;
- Тәжірибеге негізделген оқыту жүйесі т.б.
- Тәлімгерлік;
- Репетиторлық, коучинг, т.б.

Өзімізге белгілі БББЖ орта мектептік жүйеде жүзеге асырылады. Оның негізгі бағыттарына жеке пәндер бойынша маман тапшылығын тежеу; кәсіби құзыреттілікті дамыту; модульдік бағдарламаларды жетілдіру; цифрлық платформаға басымдылық беру; тәлімгерлікті дамыту.

Орта мектептердегі БББЖ өз нәтижесін бүгінде көрсетуде. Мәселен, жалпы білім беретін мектептер жүйесі ЖОО мен ҒЗИ тікелей байланыстарға кіруде. Бұл өз тарапынан орта мектеп мұғалімдері үшін білімін жетілдіру мен кәсіби шеберлігін арттыруға көмектеседі.

Бүгінгі талапқа сәйкес келетін ұстаз-ол оқушылардың танымдық ұйымдастырушысы болуы керек. Оның негізгі міндеті – алатын білімді түсінікті етіп ұсыну мен шәкірттің алған білімін практикада қолдана білуіне басты назар аудару. Сорнда ған білім түсініккен айналады. Қазіргі мұғалімдерге қойлатын талаптар қатарында шығармашылық ойлау, ораторлық шеберлік, интелект, көшбасшылық қасиеттер, педагогикалық шеберлікті меңгеру маңызды. Бүгінде Қазақстанда БББЖ құзыреттіліктерін дамытуға барлық жағдай жасалған. Сондықтанда қазіргі жоғары стандарттарға сай болу үшін ұстаз өзінің кәсіби шеберлігін үнемі жетілдіріп отыруы міндетті. Ал кәсіби құзыреттіліктерді дамытуға бағытталған практика жақсы нәтиже береді [5].

Мұның негіздемесі «70-20-10» (Дженнинг моделі) деп аталатын әдісті қолданатын корпоративтік оқыту құрылымында мамандарды даярлау тәжірибесі, оның кең таралуымен ғана емес, сонымен қатар тиімділігімен де танымалдылығын растайды [6].

Қабылданған модельдің құрылы бойынша оқу процесінің 70 пайызы орындалған жұмыстарға арналады, практикаға 20пайызы, 10 пайызы вебинар, семинар, тренингтерге бөлінеді. Ал, ТҰК, оқу орталықтар мен ЖОО тәжірибеде оқытуға қолданудың негізгі жолын белгілейді. Бұл жүйені ЖОО мен ҒЗИ жие қолданады. Бұл өз тарапынан ұстаздарға БББЖ үнемі дамытуға мүмкіндік береді. Мысалы, Х. Досмұхамедов атындағы КеАҚ Атырау университетінде біліктілікті арттыру орталығы 2022 жылы құрылған. Орталықтың мақсаты мұғалімдердің біліктілігін жетілдіру мен ҰББ ұйымдастыра отырып, мұғалімдердің инновациялық технологияларды игеруге көмектеседі.

Кеңсе жұмысына сәйкес 6 айлық педагогтық қайта даярлау курстары (40 кредит), «Жас оқытушы» мектебі мен «Күміс университеті», «Жазғы мектеп» жұмыстары бойынша жоспар құрылды. Мәселен, 2023 жылдың қыркүйек айында «Болашақ жас маман – Тәлімгерлік» тақырыбындағы жоба жұмысы «Назарбаев зияткерлік мектептері» ДББҰ Атырау қаласы «Педагогикалық шеберлік орталығы» филиалымен бірігіп құрылған және бірігіп бекітілген циклограмма бойынша осы оқу жылында жұмыстар жасалды. Бұл жобаға 6B01510-география және тарих пәнінің мұғалімі, 6B01501-математика пәні мұғалімі, 6B01601-тарих пәнінің мұғалімі, тарихшы-зерттеуші, гуманитарлық пәндер оқытушысы, 6B01701-қазақ тілі мен әдебиеті мамандықтары, яғни төрт мамандық бойынша 66 түлек қатысты. Сонымен бірге тәлімгер мен болашақ маманның бірлесіп жасалған жұмыстарында болашақ маманға әдістемелік көмек көрсетудің шаралары ұйымдастырылды, қысқа мерзімді жоспарлар құруға көмек берілді. Мақсат қоюды, нәтижеге жетуде қолданылатын әдіс-тәсілдерді тиімді пайдалануды, Блум таксаномиясы бойынша қысқа мерзімді жұмыс жоспарларын тиімді жасауды үйрене алды деп ойлаймын. «Пәннің күзиреттілігі: басымдықтар және жетілдіру стратегиясы», «Менің мамандығым-менің болашағым (жас мамандарға кеңес)», «Сабақ үрдісінде тиімді оқыту әдістерін қолдану», «Заманауи сабақты талдаудың аспектілері», «Болашақ маманның өзгеріс енгізген сабағын талдау», «Бірлесіп сабақ жоспарын құру» практикалық семинар, коучинг, практикалық семинар, түрлі тренингтер өтті. Тәлімгерлік жоба 4 кезеңмен жұмыс жасады, әр кезеңнің бекітілген жұмыс түрлері бар.

I кезең. 2022 ж қазан-желтоқсан. Бірлескен оқыту семинарлары мен кездесулер өткізу.

II кезең. 2023 ж. қаңтар-ақпан айлары. Сабақтарға қатысу. Студенттің практикалық жұмыс үдерісіне тәлімгерлік.

III кезең. 2023 ж. наурыз-сәуір. Бірлесіп сабақ ҚМЖ жоспарлау дағдыларын жетілдіру.

IV кезең. 2023 ж. мамыр Қорытынды рефлексия.

Осы тәжірибе бойынша болашақ мұғалімнің жеке тәжірибесін зерттеу арқылы оның кәсіби шеберлігінің өсуі мен педагогикалық бастамаларына қолдау көрсету мақсатында басталған тәлімгерлік жоба біршама нәтижелерге жете алды. Атап айтсақ, 4-курс студенттерінің кәсіби-зерттеушілік дағдылары жетіледі және тәлімгерлік жоба аясында жас ұстаздармен педагогикалық-тәжірибелік жұмыс жасау үшін оқу-әдістемелік құралдары әзірленді. Бұл жобаның тағы бір қуантарлық нәтижесі – ұлттық біліктілік тестілеудің қорытындысы.

Кесте 2 – Тест нәтижелері

№	Мамандықтың атауы	2021-2022 оқу жылы	2022-2023 оқу жылы
1	6B01510- география және тарих пәнінің мұғалімі	55%	91%
2	6B01601- тарих пәнінің мұғалімі	67%	93%
3	6B01501- математика пәнінің мұғалімі	62%	87%
4	6B01701- қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі	74%	94%
Ескерту: [7] Х. Досмұхамедов атындағы КеАҚ Атырау университетінде ұлттық біліктілік тестілеудің қорытындысы.			

Тәлімгерлік жобасы заманға сай бейімделіп отыр. Кеңсе педагог-психологтардың құзыреттілігін арттыруда үлкен тәжірибе.

КеАҚ Х. Досмұхамедов атындағы Атырау университетінде «Педагогтік» қайта даярлау курсы төмендегі көрсетілген білім бағдарламалары бойынша жүзеге асырылуда. Олардың қатарында: Бейнелеу өнері және көркем еңбек; Математика пәнінің мұғалімі; Білім беру жүйесіндегі информатика және ақпараттық-коммуникациялық технологиялар; Инженерлік профиль бойынша химия пәні мұғалімі; Биология пәнінің мұғалімі; География пәнінің мұғалімі, қосымша мамандандырылған географ-өлкетанушы; Қазақ тілі мен әдебиет пәнінің мұғалімі; Шетел тілі: екі шетел тілі мамандықтары бар.

Сонымен қатар, «Күміс университет» жобасы да Х. Досмұхамедов атындағы Атырау университетінде басталған жаңа, тың жұмыс. Кадрларды қайта даярлау және біліктілікті арттыру кеңсесінің ұйымдастыруымен 50 жастан асқан Атырау тұрғындарына өмір бойы білім алып, өзін-өзі дамытуына үлкен мүмкіндік берді. Жобаға қатысушылар өздерінің цифрлық сауаттылығын жетілдіп отырады. Жоба аясында кәсіпкерлік негіздері, қаржы сауаттылығы, бизнес бастау, маркетинг, SWOT-талдау мәселелері талданды. Жоба барысында қатысушылар әлеуметтік кәсіпкерлік, оның құқықтық мәртебесін, іскерлік пен әлеуметтік кәсіпкерлік арасындағы айырмашылықтарды, бизнес жоспар негіздерін жетілдіреді. Сонымен қатар, жоба аясында құқықтық сауаттылық, жауапкершілік, азаматтық құқық, әкімшілік жауапкершілік т.б салалар бойынша кері байланыстар алынды.

Жобаның өзекті бағыты болып медиасауаттылықты арттыру саналады. Қатысушылар өздерінің ақпараттық сауаттылығын, оның өзектілігін, шешім қабылдау маңыздылығын, қоғам алдындағы жауапкершілік пен өзінің рөлін түсіну және жаңа әлеуметтік ортаға бейімделу сияқты білімдерін жетілдірді. Бүгінде қоғамның дамуы ағылшын тілінің рөлі мен тілдік интуицияны дамытуға басты назар аударып отырғаны белгілі. Сол себепті жобада ағылшын тілінің негіздерін оқыту мен тереңдеті мақсаты қойылды.

Бүгінгі кезде ЖОО бөлінетін гранттық қаржыландыру жүйесінің арқасында түлектерге ақпараттық түсіндіру жұмыстары қолға алынғаны белгілі. Ол өз тарапынан жастарда көшбасшылықты дамыту мен әлеуметтік ортаға бейімделу сияқты тренингтердің маңызы артып отыр. Қазіргі кезде Қазақстанда білікті мамандарды дайындау мен үздіксіз кәсіптік білім беру жүйесінің негізгі элементі ретінде тәлімгерліктің әдістемелік негіздері қалыптасып отыр.

Қорытынды

Тәлімгерлік Қазақстандағы ЖОО білім саласындағы бейресми білім алудың негізгі жолы болып отыр. Оған дәлел ретінде «Жайлы мектеп», «Болашақтың мұғалімі», «Дипломмен ауылға» бағдарламаларын мысалға келтіруге болады. Тәлімгерліктің дамуы «Біліктілікті арттыру кеңселері» сияқты аймақтық бастамаларды тудырды. Тәлімгерлік жүйесі білім сапасын арттыру құралына, тиімді әлеуметтік лифттерді құру механизміне және отандық экономикадағы «технологиялық серпілістің» катализаторларының біріне айналуы мүмкін деген ортақ түсінік қалыптасты. Қазақстанда тәлімгерлер институты танымалдыққа ие болуда, ал тәлімгер жақын арада кәсіптер тізіміне енеді.

Еңбек нарығындағы серпінді өзгерістер мен үздіксіз білім берудің маңыздылығының артуы жағдайында тәлімгерлік рөлі барған сайын артып, оны тиімді оқытудың және жұмыс орнында маманды жан-жақты қолдаудың заманауи түріне айналдырады. Тәлімгерліктің маңызды әлеуеті тәлімгер мен тәлімгер арасында қалыпты кәсіби қызмет контекстіне кіретін икемді қарым-қатынастың құрылуымен анықталады.

Біздің ойымызша, егер академиялық ғылыми-зерттеу институттары университеттердің құрамында болса, немесе олармен консорциумдар құрылса, ЖОО инновациялық дамуы жағынан өнеркәсіптен айтарлықтай артта қалмас еді және озық білім беру мәселелерін сәтті шеше алар еді.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

- 1 Уроки «Трагического января»: единство общества – гарантия независимости. Выступление Главы государства К.К. Токаева на заседании Мажилиса Парламента Республики Казахстан от 11 января 2022 года. [Электронный ресурс] — URL: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/K2200002022/links> (дата обращения: 10.09.2024).
- 2 Будзинская О.В., Шейнбаум В. С. Стандартты емес инженерлік білім беруді институционалды қамтамасыз ету. Ресейдегі жоғары білім. - 2018. – Т. 27. – № 10. – Б.30-46.
- 3 Білім туралы. 37-бап. Қосымша білім беру [Электрондық ресурс] — URL: https://kodeksy-kz.com/ob_obrazovanii/37.htm (дата обращения: 11.09.2024).
- 4 Сулейменова Ж. О. «Мамандығым - Болашағым» жобасының баяндамасы. Х. Досмұхамедов атындағы Атырау университеті, Атырау қаласы. – 15 ақпан. – 2024. – 3 б.
- 5 Нугуманова Л.Н., Яковенко Т.В. Тәлімгерлік мұғалімнің бастауыш емес білім беру және кәсіби өзін-өзі тәрбиелеу формасы ретінде. Қазіргі педагогикалық білім берудің мәселелері. – 2018. – № 60 (4). – Б. 302 - 305.
- 6 Модель 70:20:10 - что это и как её применять в корпоративном обучении [Электронный ресурс] — URL: <https://www.ispring.ru/elearning-insights/model-70-20-10> (дата обращения: 12.09.2024).
- 7 Нұрсұлтанова Г. Ж. Коммерциялық емес ұйымдардың біліктілігін арттыру және қайта даярлау бөлімінің 2022-2023 оқу жылының есебі. Х. Досмұхамедов атындағы Атырау университеті. 2024 жылғы 15 ақпан. 5 б.

**НАСТАВНИЧЕСТВО КАК ОСНОВНОЙ ЭЛЕМЕНТ СИСТЕМЫ
НЕПРЕРЫВНОГО ПРОФЕССИОНАЛЬНОГО ОБРАЗОВАНИЯ****Аннотация**

Непрерывное профессиональное образование основано на человеческом факторе в основных сферах экономики. Совершенствование непрерывного профессионального образования и наставничества не поспевает за современными требованиями к повышению профессиональной квалификации отдельных специалистов в эпоху глобализации. Именно поэтому актуальность данного вопроса напрямую связана с адаптацией работодателя и специалистов к современным требованиям.

Повышение дискретной квалификации специалистов не соответствует экономическому развитию развивающихся стран. В настоящее время для формирования конкурентоспособной экономики необходимы квалифицированные специалисты. И их переподготовка – это требование жизни. Изменения, происходящие в международной системе, не имеют иного пути, кроме развития человеческих ресурсов и искусственного интеллекта. Это вызывает нехватку специалистов в новой экономической ситуации. Обеспечение экономики специалистами требует от нас системного подхода.

Сегодня совершенствование СНО (системы непрерывного образования) наставничества является одной из актуальных задач. Профессиональное образование тесно связано с реформами в экономическом, политическом, социальном и культурном развитии страны.

В статье рассматривается университетская педагогика в Казахстане, образовательная политика, реформирование университетов, неформальное образование, развитие инноваций, познавательные проблемы преподавателя и студента.

Ключевые слова: наставничество, специалист, непрерывное развитие, неформальное образование, наставник.

**MENTORING AS THE MAIN ELEMENT OF THE SYSTEM
OF CONTINUING PROFESSIONAL EDUCATION****Abstract**

Continuous professional education is based on the human factor in the main spheres of the economy. Improvement of continuous professional education and mentoring is essential in improving the professional qualification of individual specialists in the era of globalization. That is why the relevance of this issue is directly related to the adaptation of employers and specialists to modern requirements.

The increase in the discrete qualification of specialists corresponds to the economic development of developing countries. Currently, qualified specialists are necessary for the formation of a competitive economy. And their retraining is a requirement of life. The changes taking place in the international system have no other path than the development of human resources and artificial intelligence. This causes a shortage of specialists in the new economic situation. Ensuring the economy by specialists requires a systematic approach from us.

Today, improvement of SNE (system of continuous education) mentoring is one of the most urgent tasks. Professional education is closely connected with reforms in the economic, political, social, and cultural development of the country.

In the article, the author considers university pedagogy in Kazakhstan, educational policy, reforming universities, non-formal education, development of innovations, and cognitive problems of teachers and students.

Key words: mentorship, specialist, continuous development, non-formal education, mentor.

REFERENCES

1 Uroki «Tragicheskogo ianvarä»: edinstvo obşestva – garantia nezavisimosti. Vystuplenie Glavy gosudarstva K.K. Tokaeva na zasedanii Majilisa Parlamenta Respubliki Kazakhstan ot 11 ianvarä 2022 goda. [The lessons of the “Tragic January»: the unity of society is a guarantee of independence. Speech by the Head of State K.K. Tokayev at the meeting of the Mazhilis of the Parliament of the Republic of Kazakhstan dated January 11, 2022]. Available at: — URL: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/K2200002022/links> [in Russian] (accessed: 10.09.2024.)

2 Budzinskaia O.V., Şeinbaum V. S. Standartty emes injenerlik bilim berudi institusionaldy qamtamasyz etu. Reseidegi joğary bilim. [Institutional provision of non-standard engineering education // higher education in Russia]. 2018. T. 27. № 10. P.30-46. [in Russian]

3 Bilim turaly. 37-bap. Qosymşa bilim beru. Available at: - URL: https://kodeksy-kz.com/ob_obrazovanii/37.htm [in Kazakh] (accessed: 11.09.2024.)

4 Suleimenova J. O. «Mamandyğym - Bolaşağym» jobasynyñ baıandamasy. [Report of the project «my profession is my future»] / Kh. Dosmūhamedov atyndağy Atyrau universiteti, Atyrau qalasy. 15 aqpan. 2024. 3 p. [in Kazakh]

5 Nugumanova L.N., İakovenko T.V. Tälimgерлік mўğalimniñ bastauyş emes bilim beru jāne kāsibi özın-özi tärbielю formasy retinde // Qazırğı pedagogikalыq bilim berudiñ мәseleleri. [Mentoring as a form of non-primary education and professional self-education of a teacher // problems of modern pedagogical education] 2018. № 60 (4) P. 302 -305 [in Kazakh]

6 Model 70:20:10-Shto eto i kak ee primenyt v korporativnom obusheni [Model 70:20:10 - what is it and how to apply it in corporate training] URL: <https://www.ispring.ru/elearning-insights/model-70-20-10> [in Russian] [accessed: 12.09.2024].

7 Nürsūltanova G. J. Komersialyq emes üiymdardyñ biliktılığın arttyru jāne qaita daıarlaw bölimniñ 2022-2023 oqu jylynyñ esebі. [Report of the Department of advanced training and retraining of non-profit organizations for the 2022-2023 academic year] Kh. Dosmūhamedov atyndağy Atyrau universiteti.. 2024 jylğy 15 aqpan. 5 p [in Kazakh]

Information about authors:

Kamchat Zhumabayeva - **corresponding author**, 2nd year doctoral student in the specialty of “Pedagogy and psychology», L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Republic of Kazakhstan

E-mail: zhumabaeva1995@list.ru

ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-9199-763X>

Tolkyn Slambekova - candidate of pedagogical sciences, associate professor of the Department of “Pedagogy», L.N. Gumilyov Eurasian National University. Astana, Republic of Kazakhstan

E-mail: tolkyn_1969@mail.ru

ORCID: <https://orcid.org/0000-0003-0897-9850>

Информация об авторе:

Камшат Жумабаева - **основной автор**, докторант 2 курса по специальности «Педагогика и психология», Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева. г. Астана, Республика Казахстан

E-mail: zhumabaeva1995@list.ru

ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-9199-763X>

Толкын Сламбекова — кандидат педагогических наук, ассоциированный профессор кафедры «Педагогика», Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева. г. Астана, Республика Казахстан

E-mail: tolkyn_1969@mail.ru

ORCID: <https://orcid.org/0000-0003-0897-9850>

Авторлар туралы ақпарат:

Камшат Жұмабаева – **негізгі автор**, «Педагогика және психология» білім беру бағдарламасының 2 курс докторанты, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана қ., Қазақстан Республикасы

E-mail: zhumabaeva1995@list.ru

ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-9199-763X>

Толкын Сламбекова - педагогика ғылымдарының кандидаты, «Педагогика» кафедрасының қауымдастырылған профессоры міндетін атқарушы, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана қ., Қазақстан Республикасы

E-mail: tolkyn_1969@mail.ru

ORCID: <https://orcid.org/0000-0003-0897-9850>